

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 8 «А» сыныбына

жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

Жыл басында сыныпта 20 оқушы. Оның 7 қыз, 13 ұл. 2023-2024 оқу жылының басында 8 «А» сынып оқушыларына арналған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп әкімшілігімен бекітілді. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу

Міндеттері:

Ұлттық құндылықтар мен тәрбие негізінде тәрбиелеу

Сынып ішінде ауызбіршілік пен сыйластыққа дағдыландыру

Күтілетін нәтиже:

Тәрбиелі де, өнегелі, парасатты да салмақты рухани ішкі дүниесі бай ұлттық жетістіктерді тез қабылдайтын жеке тұлға қалыптастыру

Сыныппен әртүрлі жұмыстар жүргізілді. Атап өтетін болсақ отбасы күніне орай оқушылармен бірігіп видеоролик түсірілді. Күз ханзадасы мен ханшайымы атты сайыста I жүлделі орынмен Ахтанов Нұрислам мен Жайылхан Айнамкөз марапатталды. Мектебімізде тарих - география пән бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен сайысқа Зейнулла Дінмұхамед, Бақтыгереева Арайлым, Ербосынқызы Ғазиза қатысып III орын иеленді.

Алғыс айту күніне орай болған шараға белсене қатысып, өз үлестерін қосты. Жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары өткізіліп, анықтамасы жазылды. Сынып белсенділері өздеріне жүктелген міндеттерін жақсы атқарды. Сынып оқушылары спорттық жарыстарға да белсене қатысты. Сонымен қатар ата-аналармен де жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналыстары уақытылы өткізіліп, хаттамалары жазылды.

Тәрбие сағаты әр дүйсенбі күндері болды. Жоспарланған тәрбие сағаттары мақсаттарына сай өткізілді. Оның ішінде жолда жүру ережесі оқушыларға түсіндіріліп, соған байланысты жол белгілері көрсетілді.

Класс жетекшісі:



Мұңайтбасова Н.Н.